



2022-2024 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының бюджетін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2021 жылғы 24 желтоқсандағы № 2-13 с шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 29 желтоқсанда № 26192 болып тіркелді

Ескерту. 01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі - осы шешімнің 15-тармағымен.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 75-бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына сәйкес, Уәлиханов аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. 2022-2024 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2022 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 4 318 413,1 мың теңге:

салықтық түсімдер – 617 399,5 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 22 554,1 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 13 692,5 мың теңге;

трансферттер түсімі – 3 664 767,4 мың теңге;

2) шығындар – 4 383 256,2 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 34 286,1 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 64 323 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 30 036,9 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 99 129,2 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 99 129,2 мың теңге:

қарыздар түсімі – 64 323 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 60 576,4 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 95 382,6 мың теңге.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 31.03.2022 № 2-17 с (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) ; 28.06.2022 № 2-20 с (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 17.08.2022 № 6-21 с (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) ; 17.11.2022 № 2-23 с (01.01.2022 бастап

қолданысқа енгізіледі) ; 13.12.2022 № 2-24 с (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. 2022 жылға арналған аудандық бюджетінің кірістері Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес келесі салықтық түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

1) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында мемлекеттік кіріс органында тіркеу есебіне қою кезінде мәлімделген:

дара кәсіпкер, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіпқой медиатор үшін – тұрған жері;

қалған жеке тұлғалар үшін – тұрғылықты жері орналасқан жеке тұлғалар дербес салық салуға жататын кірістер бойынша жеке табыс салығын қоспағанда, облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша жеке табыс салығы;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша бірыңғай жиынтық төлемді төлеген жеке тұлғалардан алынатын жеке табыс салығы;

3) облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша әлеуметтік салық;

4) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің аумағындағы осы салықты салу объектілері бойынша жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салықты қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардың, дара кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық;

5) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында орналасқан жер учаскелері бойынша жеке және заңды тұлғалардан алынатын елді мекендердің жеріне жер салығын қоспағанда, жер салығы;

б) мыналардан:

тұрғылықты жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағындағы жеке тұлғалардан; өздерінің құрылтай құжаттарында көрсетілетін тұрған жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында орналасқан заңды тұлғалардан алынатын көлік құралдары салығын қоспағанда, көлік құралдары салығы;

7) тіркелген салық;

8) мыналарға:

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген спирттің барлық түріне;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген алкоголь өніміне;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген құрамындағы этил спиртінің көлемі 0,5 пайыздан аспайтын сыраға;

Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген темекі бұйымдарына;

Қазақстан Республикасының аумағында жасалған жеңіл автомобильдерге (мүгедектер үшін арнайы арналған қолмен басқарылатын немесе қолмен басқаруға бейімделген автомобильдерден басқа);

бензинге (авиациялық бензинді қоспағанда) және дизель отынына акциздер;

9) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент аумағында орналасқан жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;

10) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым;

11) қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақы;

12) коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін қоспағанда, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

13) көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

14) жылжымалы мүлік кепілін және кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркегені үшін алым;

15) сыртқы (көрнекі) жарнаманы облыстық маңызы бар қаладағы үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте, облыстық маңызы бар қаланың аумағы арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде орналастырғаны үшін төлемақы;

16) республикалық бюджет есебіне жазылатын консулдық алымнан және мемлекеттік баждардан басқа, мемлекеттік баж.

3. Аудандық бюджеттің кірістері келесі салықтық емес түсімдер есебінен қалыптасатыны белгіленсін:

1) коммуналдық меншіктен түсетін кірістер:

аудан әкімдігінің шешімі бойынша құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері;

ауданның коммуналдық меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттер бойынша дивидендтер;

ауданның коммуналдық меншігіндегі заңды тұлғаларға қатысу үлестеріне кірістер;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімдерінің басқаруындағы, ауданның коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістерді қоспағанда, ауданның коммуналдық меншігінің мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

аудандық бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар;

ауданның коммуналдық меншігінен түсетін басқа да кірістер;

2) аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуінен түсетін түсімдер;

3) аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері;

4) аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері салатын айыппұлдарды қоспағанда, аудандық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар;

5) жер қойнауын пайдаланушылардың облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтеріне сәйкес облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы және оның инфрақұрылымын дамыту үшін аударымдары;

б) аудандық бюджетке түсетін басқа да салықтық емес түсімдер.

4. Аудандық бюджеттің кірістері негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер есебінен қалыптасатыны белгіленсін:

1) аудандық бюджеттен қаржыландырылатын, мемлекеттік мекемелерге бекітіп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін ақша;

2) ауыл шаруашылығы мақсатындағы немесе аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент аумағындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдерді қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

3) аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент аумағындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін жалға беру құқығын сатқаны үшін төлемақы.

5. Аудандық бюджетке түсетін трансферттер облыстық бюджеттен және ауылдық округтер бюджеттерінен түсетін трансферттер болып белгіленсін.

6. Аудандық бюджетке аудандық бюджеттен берілген несиелерді өтеуден, ауданның коммуналдық меншігіндегі мемлекеттің қаржы активтерін сатудан, ауданның жергілікті атқарушы органының несиелерінен түсетін түсімдер қамтылатыны белгіленсін.

7. Аудандық бюджетке облыстық бюджеттен берілетін субвенциялар 3 035885 мың теңге сомасында қарастырылсын.

8. Ауданның жергілікті атқарушы органының 2022 жылға резерві 7 044 мың теңге көлемінде бекітілсін.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 31.03.2022 № 2-17 с (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) ; 17.11.2022 № 2-23 с (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) ; 13.12.2022 № 2-24 с (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

9. Ауылдық округтердің бюджеттеріне аудандық бюджеттен берілетін субвенциялар 4-қосымшаға сәйкес қарастырылсын.

10. 2022 жылдың аудан бюджетінің шығындарында 451.007. "Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек" бюджеттік бағдарламасы бойынша 5-қосымшаға сәйкес мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек қарастырылатыны белгіленсін.

11. 2022 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен нысаналы трансферттердің түсімдері ескерілсін, оның ішінде:

1) азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге;

2) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге;

3) Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға;

4) еңбек нарығын дамытуға;

5) мемлекеттік ұйымдар: стационарлық және жартылай стационарлық үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелер, үйде қызмет көрсету, уақытша болу, жұмыспен қамту орталықтары қызметкерлерінің жалақысын арттыруға;

6) мемлекеттік мәдениет ұйымдарының және архив мекемелерінің басқарушы және негізгі персоналына мәдениет ұйымдарындағы және архив мекемелеріндегі ерекше еңбек жағдайлары үшін лауазымдық айлықақысына қосымша ақылар белгілеуге;

7) аудандық маңызы бар KTUL-336 "Өндіріс-Жұмысшы-Мырзағұл" автомобиль жолын орташа жөндеуге;

8) Кішкенекөл ауылының жолдарын орташа жөндеу;

9) мәслихаттар депутаттары қызметінің тиімділігін арттыру.

Көрсетілген республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің "2022-2024 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының бюджетін бекіту туралы" Уәлиханов аудандық мәслихатының шешімін іске асыру туралы" қаулысымен айқындалады.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 28.06.2022 № 2-20 с (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) ; 17.08.2022 № 6-21 с (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

12. 2022 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен берілетін мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету шараларын жүзеге асыруға арналған бюджеттік кредиттер ескерілсін.

13. 2022 жылға арналған аудандық бюджетте облыстық бюджеттен нысаналы трансферттер ескерілсін, оның ішінде:

1) жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілерінің жалақысын арттыру;

2) санаторлық-курорттық емделуге;

3) протездік-ортопедиялық құралдарға;

4) Қулықөл ауылының жолдарын орташа жөндеуге;

5) Қулықөл ауылындағы клубты күрделі жөндеуге;

6) Ақбұлақ, Телжан, Жас Ұлан, Ақтүйесай, Бидайық, Көбенсай ауылдарындағы тұрғын үйлерді сумен қамтамасыз ету үшін елді мекендердегі су мұнараларын салуға жобалау сметалық құжаттарға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуге;

7) Қулықөл-Қаратал ауылдарында топтық сумен жабдықтау көздерінің мембраналарын ауыстыруға;

8) ауылдық округтер әкімдерінің оқуына.

Көрсетілген республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің "2022-2024 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының бюджетін бекіту туралы" Уәлиханов аудандық мәслихатының шешімін іске асыру туралы" қаулысымен айқындалады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 31.03.2022 № 2-17 с (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) ; 17.11.2022 № 2-23 с (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

14. 2022 жылға арналған аудандық бюджетте ауылдық округтердің бюджеттеріне нысаналы трансферттер қарастырылсын.

Көрсетілген аудандық бюджеттен нысаналы трансферттерді бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің "2022-2024 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының бюджетін бекіту туралы" Уәлиханов аудандық мәслихатының шешімін іске асыру туралы" қаулысымен айқындалады.

14-1. 6-қосымшаға сәйкес аудандық бюджетте қаржылық жылдың басында 95 382,6 мың теңге сомасында қалыптасқан бюджеттік қаражаттың бос қалдықтары есебінен шығыстар қарастырылсын.

Ескерту. Шешім 14-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 31.03.2022 № 2-17 с (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

15. Осы шешім 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Уәлиханов аудандық мәслихатының хатшысы М. Абдулов

Уәлиханов аудандық мәслихатының

2021 жылғы 24 желтоқсандағы

№ 2-13 с шешіміне 1-қосымша

2022 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 31.03.2022 № 2-17 с (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) ; 28.06.2022 № 2-20 с (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 17.08.2022 № 6-21 с (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) ; 17.11.2022 № 2-23 с (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) ; 13.12.2022 № 2-24 с (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

Санаты		Атауы	Сомасы, мың теңге
	Сыныбы		
	Кіші сыныбы		

1			2	3
			1) Кірістер	4318413,1
1			Салықтық түсімдер	617399,5
	01		Табыс салығы	1940
		2	Жеке табыс салығы	1940
	03		Әлеуметтік салық	330439,3
		1	Әлеуметтік салық	330439,3
	04		Меншікке салынатын салықтар	92688
		1	Мүлікке салынатын салықтар	90000
		3	Жер салығы	630
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	2058
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	137916,2
		2	Акциздер	2000
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	132304,8
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	3611,4
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	54416
		1	Мемлекеттік баж	54416
2			Салықтық емес түсімдер	22554,1
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	14559,1
			Мемлекет меншігіндегі	

		5	мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	9500
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	317,2
		9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	4741,9
	03		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	61
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	61
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	584
			Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына	

		1	түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	584
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	7350
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	7350
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	13692,5
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	6700
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	6700
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	6992,5
		1	Жерді сату	6992,5
4			Трансферттердің түсімдері	3664767
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	101,5
			Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің,	

		3	ауылдық округтардың бюджеттерінен трансферттер	101,5
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	3664665,5
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	3664665,5
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		Атауы	Сомасы, мың теңге
		Бағдарлама		
1			2	3
			2) Шығындар	4383256,2
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	771043,3
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	42541,8
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	40468
		005	Мәслихаттар депутаттары қызметінің тиімділігін арттыру	2073,8
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	200923
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	182049,5
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	600
			Төменгі тұрған бюджеттерге	

		113	берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	18273,5
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	786,5
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	631,5
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	155
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	209697,7
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	59653,7
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	150044
	475		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	63542

		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті, ауыл шаруашылығы мен ветеринарияны дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	51897,9
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	11644,1
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғынүй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	253552,3
		001	Жергілікті деңгейде сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	52429,2
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	201123,1
02			Қорғаныс	26614
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) әкімінің аппараты	6993
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	6993
			Аудан (облыстық маңызы бар	

	122		қаланың) әкімінің аппараты	19621
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	9328
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	10293
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	2797,3
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2797,3
		019	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	2797,3
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	421890,1
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	22114

		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	22114
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	326407,9
		002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	147832
		004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	5664
		007	Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек	27955
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	478
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	64428
			Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектерді протездік-ортопедиялық көмек, сурдотехникалық құралдар, тифлотехникалық құралдар, санаторий-курортты	

		017	қ емделу, міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, арнаулы жүріп-тұру құралдары, қозғалуға қиындығы бар бірінші топтағы мүгедектерге жеке көмекшінің және есту бойынша мүгедектерге қолмен көрсететін тіл маманының қызметтері мен қамтамасыз ету	29950,9
		023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	50100
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	73368,2
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	73368,2
07			Т ұ р ғ ы н үй-коммуналдық шаруашылық	86961
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	64290

		007	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	990
		008	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	57900
		033	Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды жобалау, дамыту және (немесе) жайластыру	5400
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	20671
		016	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	12953
		058	Ауылдық елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	7718
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2000
		031	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	2000
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кенестік	358515,9
			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі	

	478		саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	66532
		009	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	66532
	465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) денешынықтыру және спорт бөлімі	38218,4
		001	Жергілікті деңгейде денешынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	22394,8
		006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	6502,6
		007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қаланың) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	9321
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2283,3
		021	Спорт объектілерін дамыту	2283,3
	478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	85373,5

		005	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	8798
		007	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	75919,5
		008	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	656
	478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	166108,7
		001	Ақпаратты, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	36760
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1145,5
		004	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	15948
		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	389,8
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	111865,4
			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы,	

10			ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған органы және жануарлар дүниесін қорғау, жерқатынастары	64178,3
	475		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	13500
		005	Мал көмінділерінің (биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету	13500
	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жерқатынастары бөлімі	20147
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) аумағында жерқатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	20147
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	30531,3
		099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	30531,3
12			Көлік және коммуникация	96632
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	96632

		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	14543
		045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	82089
13			Басқалар	7044
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	7044
		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	7044
14			Борышқа қызмет көрсету	317,2
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	317,2
		021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	317,2
15			Трансферттер	2547263,1
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	2547263,1
		006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	298,3

		024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	2310545
		038	Субвенциялар	228507
		054	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	7912,8
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	34286,1
			Бюджеттік кредиттер	64323
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған органы және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	64323
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	64323
		018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	64323
Санаты			Атауы	Сомасы, мың теңге
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		

5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	30036,9
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	30036,9
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	30036,9
			4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
			Қаржыактивтерін сатыпалу	0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	(-99129,2
			6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану):	(99129,2
7			Қарыздар түсімі	64323
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	64323
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	64323
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		Атауы	Сомасы, мың теңге
		Бағдарлама		
16			Қарыздарды өтеу	60576,4
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	60576,4
		005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	60036,9
		022	Жергілікті бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді қайтару	539,5

Санаты		Атауы	Сомасы, мың теңге	
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	95382,6
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	95382,6
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	95382,6

Уәлиханов аудандық мәслихатының

2021 жылғы 24 желтоқсандағы

№ 2-13 с шешіміне

2-қосымша

2023 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының бюджеті

Санаты		Атауы	Сомасы, мың теңге	
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		
1			2	3
			1) Кірістер	3860469
1			Салықтық түсімдер	794079
	03		Әлеуметтік салық	658687
		1	Әлеуметтік салық	658687
	04		Меншікке салынатын салықтар	73152
		1	Мүлікке салынатын салықтар	73152
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	60411
		2	Акциздер	1524
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	54559
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	4328
			Заңдық маңызы бар әрекеттерді	

